

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

6.5 Аударма және мәдениетаралық қарым-қатынас мәселелері

ӘОЖ 81.2

АБАЙ МЕН БАЙРОН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАХАББАТ ЛИРИКАСЫ

Аманжол Меруерт Қайратбекқызы, Айқын Құндыз

mkk.1602@mail.ru, ayqynqundyz@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерін даярлау мамандығының студенттері, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.С. Касбаева

Ел өмірін ізгілендіру жолында ұлттық болмысызды айшықтайтын рухани мәдениетіміздің құнды мұраларын танып, игерудің қажеттілігі мен өзектілігі айтарлықтай маңызды. Тәуелсіздігімізді нығайтудың бірден бір жолы әлем өркениетінің озық үлгілерін қабылдаумен қатар халқымыздың ұлттық сана салты мен төл дүниетанымын қалыптастыру болмақ. Ғылым мен білім қатар дамып жатқан ХХІ-ғасырда қазақ филологиясы мен шетел филологиясын ұштастыру ғылым болашағына жасалған үлкен қадамдардың бірі. Көзқарастары мен өмірдегі ұстанымдары, махаббат хикаялары мен сезімге толы шығармалары, өз заманында және біздің заманымызға жеткен алтын сөз иелері қазіргі уақытта – Джордж Байрон мен Абай Құнанбайұлында! Нағыз махаббат пен ішкі толғаныс сезімнің қандай боларын жеткізген ақындардың шығармаларын назарға қойып, өлеңдерін қарастырамыз, талдаймыз.

«Абай мен Байрон өлеңдеріндегі махаббат, сүйіспендік, құштарлық, ұрғашы мен еркектің бір-бірін керексінуі, ынтығы, ықыласы – салыстыра тексерсек ғажайып сыр ақтарады екен. Ақын мен ақынның табиғи туыстығын танимыз. Сол иесінің мінезіндегі, қалыбындағы ұқсастықты тап басамыз. Шындығына келсек, Абай заманындағы П. Б. Струневтің сөзімен айтсақ: «поэты самый гармонический дух, он вечно искал человека внутри себя, особенно в любовных стихах он достигал, прозревел неизлечимую тайну человеческого естества». Ендеше ақынның өзіне сөз беріп көрелік: «Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкерліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе?» деп он жетінші сөзде қайрат өзінің ерекшелігін айтады емес пе?»¹

Сол қайраттың ырқына көнбеген, айтқанымен жүрмеген жүрек ісін былайша мінемес пе: «Қу қатыным майысса мез боласың, шайтанның шәкіртінің қылығын-ай... Үнем болмас құйрықты бұлаңдатқан, сауырына шапақтап сүйіп жатқан» деп бойындағы оттың азайған кездегі құр емексу, емеуріннің азабын айна-қатесіз көз алдыңызға елестетіп келтіреді.²

Байронның 1814 жылы жарық көрген, еврей әуені- «Она идет по всей краске» «*She Walks in Beauty*». Өлеңнің шығу тарихында Байрон жақынын жоғалтқан, қара көйлек киген, бойшаң қыз-Анна Беатрикти көруімен байланысады. Кейін онымен сөз байласып, сол жылы сөз салады. Алайда ұсыныс тек екінші жасалғаннан кейін ғана қабылданады. Байронның бұл өлеңге барын салып, айқын бейне көрсетуі қыздың Құдай берген сұлулығын ашу болса керек. Автор толғанысы, ой сезімі өлең шумақтарында көтеріле түседі.

Өлең жолдары сұлу Аннаның түнгі аспанның жарық жұлдызы, таң шапағының айқын сәулесіне теңелуінен көрініс алады. Байрон жарқын көңіліне қаяу түсірген көлеңкені алып тастап, оның одан әрі жарқырауын қалайды. Шығарманың ерекшелігі- ақынның қызды табиғатпен сипаттауында емес, табиғат арқылы идеалды образ құрып, қыздың көркін ашуында деп қабылдасақ оң болады. Автордың ойы тұңғыыққа түсіп, бар әлемді бар табиғат көркін Аннадан көруіне себеп болған оның толқындай жеңіл бұрымы, кіршіксіз таза ақ маңдайы, қилы көзқарасы

мен ерекше бет әлпеті, теңіздің жарығындай болған сынғыр күлкісі еді. Есін сөзсіз байлаған сұлу жанға, қолындағы бар бақытын беруге дайын болды.

18 тармаққа аударылған өлең көпшілікті өзіне тәнті етті. Әр тармақ өзіндік ерекшелігін сақтайды, оқыған сайын терең ойға, жағымды әсерге батасың. Қанша тармақ болса сонша ой, көзбен көрген сұлулық ауыз толтыра айтатындай мөлдір жеткізіледі- бұл ақын шеберлігі. Ал бұндай шеберлік екінің бірінде жоқ.

Шексіз сезімдер мен сан түсті ойға толыққан шығарманы қазақ әдебиетінің бас лиригінің бірі Абай Құнанбайұлының шығармасымен ұштастырғымыз келеді. Оның себебі шетел жазушысы мен қазақ жазушысының сезімдерінің ерекше түрде, терең ойда берілуінде, ортақ ойдың болуында.

*«Она идет во всей красе —
Светла, как ночь ее страны.
Вся глубь небес и звезды все
В ее очах заключены,
Как солнце в утренней росе,
Но только мраком смягчены.
Прибавить луч иль тень отнять —
И будет уж совсем не та
Волос агатовая прядь,
Не те глаза, не те уста
И лоб, где помыслов печать
Так безупречна, так чиста.
А этот взгляд, и цвет ланит,
И легкий смех, как всплеск морской,
Все в ней о мире говорит.
Она в душе хранит покой
И если счастье подарит,
То самой щедрою рукой!»³*

Абайдың «Білектей арқасында өрген бұрым» 1889 жылы жазылған өлеңі. Сырт келбетін ұнатқан сұлудың бейнесі суреттеледі. Ақын, жас арудың жалпы жұртты тәнті қылатын бет әлпетін кескіндейді, сыртқы сымбатын бейнелейді. Абай байқамаған, көрмеген көзге сұлудың келісімді бейнесін ой көрердей жазып көрсетеді. Мұны, бір жағынан, халықтың ұғымында қалыптасқан әйел сұлулығының шарты деп қабылдасақ, екінші жағынан, арманды әйел ажары жөніндегі автордың өз қалауы, ез талғамы деп те бағалауға болады. Ондай сұлулықтың қалыптасқан белгілері: қолаң шаш, ақ тамақ, қара қас, аялы мөлдір көз, маржандай тіс, бураң бел. Осындай көрікке бастағы кәмшат бөрік пен бұрымындағы сылдыраған шолпысы да жарастық тауып, қыз бағын асыра түскендей. Ақын сыртқы белгілерден әрі асып, қыздың мінез-құлқына, жан дүниесіне үңілмейді. Сұлу қыздың суретін салумен тоқталады. Сонымен қатар, сұлудың ақ жүзінің ерекшелігі ақынның ойында ұзаққа сақталды.

Өлеңнің алғашқы шумағы аралас ұйқаспен келеді де, қалған шумақтары дәстүрлі қара елен ұйқасымен жазылған. 4 тармақты 4 шумақтан тұрады, барлығы 16 жол.

*«Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?
Аласы аз қара көзі айнадайын,
Жүрекке ыстық тиіп салған сайын,*

*Үлбіреген ақ етті, ашық жүзді,
Тісі әдемі көріп пе ең қыздың жайын?
Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,
Болады осындай қыз некен-саяқ.
Піскен алма секілді тәтті қызды
Боламын да тұрамын көргендей-ақ.
Егерде қолың тисе білегіне,
Лүпілдеп қан соғады жүрегіңе.
Бетіңді таяп барсаң тамағына,
Шымырлап бу енеді сүйегіңе»⁴*

Шығармалардағы ұқсастық пен айырмашылық

Т. Гнедичтің аудармасы бойынша «Дон Жуан» романының жетінші жырының 41-ші шумағында мынандай жолдар бар. «Жасасын жарық!» – десе жаратқан ие, «Қанды басың бері тарт!» дер адамдар». Ақынның пайымынша: «жұмыр басты пенде қан қызуына ғана бағынған, оның көңілін көншітіп, құштарлығына сеп болар, тіпті сол құштарлықты қоздырып тұрған қан қызуы, махаббатың жалғыз дәйегі – бойдағы от» – дейді Байрон сол шумақта. Бойдағы от суыған соң сүйіспендік дегеннің тұлыпқа қарап мөңірегенмен бірдей.

Мұны Абай: «Ортасында бұлардың махаббат жоқ, Тұсап қойып қашырар бұқа ма екен?» деп мінемеуші ме еді. «Дон Жуан» романының үшінші жырында бас кейіпкердің теңіз дауылына ұшырап, кемесі қарық болып, ақырында жандалбасамен жүріп жағаға жетуі... киімі өрім-өрім, құр жамылғы мата бүркенген, бұйра шашты әдемі жасөспірімді қолға түсірген сасық саудагер оны қаңғыған ұрғашы екен деп ойлап... жуындырып, келіншек киімін кигізіп өзінің гареміне, таңғажайып сұлулардың арасына қосып жіберуі... Дон Жуанның еріксіз «әйелге айналып» от боп жанып ойнақшыған келіншектердің көңілін табуы... күліп, ойнауы... түн мен төсек қызығына берулуі, әлгі қызық арқылы дөңгеленген дүниенің қалыпсыздығын қайта елестетуі – Абай айтқан жүрек культінің өмірдегі көрінісі секілді. Пендесін тамұқ табасына салып шығғыратын да, құштарлық билеп құтырынған кезде төбесінен бұлбұл сайраған жұмақтың гүлзар бақты жайбарақат тыныштығынан бездіріп, тау мен тасты жалаң аяқ кездіретін де сүйіспендік әлегі дегенді әлемге жеткізеді.

Жарықтық Абай ақын сөйлейді. «Сұлуды сүймектік – пайғамбар сүндеті» деп ақын пенделер ойлап тапқан күнә мен күңкіл өсектен басын арашалап алады да бойдың қуаты, қиялдың қанатына ерік беріп, жастық кешуі туралы таңғажайып жырлар кестелейді.⁵

Өзінің қырық төрт жасында жазған «Жігіт сөзі» мен «Қыз сөзінен» асатын асықтық, жалаңаш құмарлық, тән күйі, жан базары туралы жыр жолдары қайталанбас құбылысқа пар нәрсе. Ақын деген жұмыр басты, дәулет құраған, перзент өсірген, кітапқа үңілген, кәдуілгі періште емес, ол да өмірдегі адамға тән барша қызық пен оқиғадан бойын тартпай, өзін айрықшаламай, бәрін де татып, тұшынып үлгерген. Ақынның жастық кешуі туралы айтылып жүрген әңгіме, естеліктер өзі бір кітап боларлықтай. Соның бірі «Жігіт сөзі» мен «Қыз сөзі».

Өлең тарихының бастауы, кезіндегі Сайырбайдың еркетотай ақын қызы бар дегенді естіген Абай бірнеше жолдастарымен Сабырбайдың аулына жол түзейді. Мұны естіген Сабырбай, қызына «Құнанбайдың Абайы келе жатыр» деседі, «замандас қонағыңды өзің қарсы ал» деп Қуандық өзіне тапсырады. Еске сала кетсек Қуандық тұрмыс құрған, көпбалалы ана болған кездері. Абайдың жасы қырықтың үстінде, әрі екі баласы болған. Әкесінің бұйыруымен Абайды арнайылап күтіп, жеке ақ орда тұрғызады. Абай келген сәтте ауыл ішінде ойын-сауық, той-думан өткізіледі. Сонда Абай мен Қуандық жүзбе жүз кездесіп әңгіме дүкен құрып, манағы жеке дайындалған үйде жастық ләззатқа батып, мауықтарын басса керек.

Екеуінің қосылмау себебі ата дәстүр салтынан асып кете алмаулары деп қайырамыз. Махаббаттың құдіреттілігі адам жасына қарамай өзіне баурап алатынын осы сәтте негізге аламыз. Абайдың Қуындыққа деген ынтық сезімі мен лапылдаған оттай көңілі өлең жолдарында тіпті көр соқырға, тың мылқауға аян болардай берілген. Осы сәтте Абайдың лирик ақын екендігі тағы бір дәлелденді.

*«Айттым сәлем, қалам қас,
Саған құрбан мал мен бас.
Сағынғаннан сені ойлап,
Келер көзге ыстық жас.
Сенен артық жан тумас,
Туса туар – артылмас.
Бір өзіңнен басқаға
Ынтықтығым айтылмас.
Асыл адам айнымас,
Бір бетінен қайрылмас.
Көрмесем де, көрсем де,
Көңілім сенен айрылмас...»⁶*

Енді сөз кезегін Байронға берелік. Ең даулы да, шулы қатынасы қаны бөлек қарындасы Августа Лимен болды. Қанша туыс болмаса да, қоғам оның бұл қылығын құптамады, тіпті басының дауға қалғаны сонша – Англиядан кетуге мәжбүр болды. Августаса деген махаббатын автор «Августаға арналған шумақтар» деген өлеңінде жырлайды.

Өз ғашығын жұлдызға, күнге, мәуесінде дем алатын ағашқа теңеп, Августаның бар сипатын, оған төккен махаббатын ашады. Оны өзін түнектен шығарып алған, мұңайғанда, шаршағанда тіреу болған қымбатты жан деп біледі. Тек осы Августаның махаббаты қоғам оған қарсы шыққанда жанына дауа болыпты. Тіпті бір-бірінен жырақта болса да, қол үзіп, ғашықтар жаны ажыраса да бірге болатынын, оны мәңгі ұмытпайтынын былай жырлайды:

Осы өлең жолдарынан-ақ Августаның ақын өміріндегі ерекше жан болғанын біле аламыз. Қанша уақыт өтсе де, қанша жас жасаса да есіне нәзіктікпен, жылылықпен алатын ерек жанның Августа екені анық.

*«...Махаббатқа алданып мен
Жүрегімде күңіреніп,
Үміт болдың алдан күткен
Маған өмір нұрын беріп.
Жұлдызы боп әмірімнің
Жанып тұрдың, жарқырадың.
Мұхитына қайғы-мұңның
Батқан шақта тартыр алдың
Тек өзіңнің махаббатың
Аялады, есіркеді.
Сен бар жерде, бұл дүниеде
Жалғызбын деп жасаймаймын...»⁷*

Махаббат философиясы. Адам баласы игере алмайтын алып күштердің бірі, ұлы сезім – Махаббат. Оны игеру тұрмақ өлең қылып жазған ақиық ақындар ұлы сезімді нағыз сезінгендер. Махаббатты сөзбен жеткізіп қана қоймай, махаббат философиясына жол ашады.

Абай сөйлеткен Байрон былай деп мұнданады. «Көңілім менің қараңғы. Бол, бол, ақын. Алтынды домбыраңмен келші жақын». Өлгіндегі ағылшын ақынының жүрек өрекуіні тап басқан, таныған көңіл айнасындағы қалыпты мына жыр жоларынан тапқандаймыз:» өзі сүйіп, өзгеден сүйеу іздеп, таппаған сорлы адамнан сөнер шырақ»⁸. Недген егіздің сыңарындай әдемі, ғажайып

үндестік. Бейне жердің екі шетінде, көз жетпес қос қиырда ғұмыр кешкен екі ақын бірін-бірі көңілмен сезіп, сәуегейше жүрекпен болжап тұрғандай сезіледі емес пе. «Ғашық жар, ағайын, дос бәрі алданыш», осы сөзбен фәни жалғаннан тиянақ таппай, бақи дүниеге мойын бұрып, өз мұңына өзі көміліп Абай да өтті дүниеден, өзін сүйікті ете алмай, өмірдің барша бояу құбылысын, жақсылық, жаманшылық қалыбын қалтықсыз жақсы көремін деп көп алданып көңілі жарым Байрон да өтті өмірден. «Соққан дауыл сияқты өмір өтер, жақсылық жоқ өзіме мен дәметер», - десе Абай; Байрон ақын: « Қатып қалған көзімде бір тамшы жас, төгілмей ме, бой жылап, ол да ерісе», - деп жүрек шерін түсінер серік іздеп шарқ ұрып, тебіренген үстіне тебіренеді.

Жарықтық Абайдағы махаббат сезімін сөйлетсек. «Жалпы ғадетінде ақылынан гөрі махаббатын ардақтап, ақылдың суық сынынан қашып, көңілін билетіңкіреп отырушы еді» - дейді Тұрағұл. (Мінез машықтары. Тұрағұл Ибрагимұлы).⁹

Екі ақынды салыстырған басты себептеріміздің бірі екеуінің шығармаларының жүрек соғыстары бірдей болуында еді. Оқырманына ойын жеткізе алса, жазғанын оқыта алса, жүректен жүрекке жеткізе алса ол ақынның жетістігі мен шеберлігі. Ал сол шеберліктің жасында бойынан табылған ақындардың сол заманнан мына заманға, және біздің заманымыздан келесі сан мың ғасырлыққа өтуін біз қамтамасыз етеміз. Сондықтан шетел әдебиеті мен қазақ әдебиетін байланыстырып, екі тараптың шығармасына мән бердік. Ашық махаббат лирикасын қилы оймен халыққа паш етуі, жүректерінен ойдырып орын алған ғашықтарына шығарылған өлеңдері, сұлу жүзді сұлуларын бейнелеуі және т.б айқын қырлары айшық берілген өлеңдерін талдасақ сөз жетпес. Алуан түрлі қыры бар өнердің біз тек біреуін айттық!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Абай Құнанбаев шығармаларының екі томдық толық жинағы. Екінші том. – Алматы: Ғылым, 1977, 152 бет.
2. Абай Құнанбаев шығармаларының екі томдық толық жинағы. Бірінші том. – Алматы: Ғылым, 1977, 252-бет
3. Байрон Джордж Гордон Б18 Полное собрание стихотворений и поэм в одном томе. — М.: «Издательство АЛЬФАКНИГА», 2014. — 1210 с.: ил. — (Полное собрание в одном томе).
4. Абай Құнанбайұлы. Өткінші көп өмір кеткен өтіп... Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер- Алматы: Раритет 2008.- 384 б – «Алтын қор» кітапханасы.
5. Екінші том. – Алматы: Ғылым, 1977. 152 бет.
6. Абай Құнанбайұлы. Өткінші көп өмір кеткен өтіп... Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер- Алматы: Раритет 2008.- 384 б – «Алтын қор» кітапханасы
7. Чайльд Гарольдтың сапары. Қабыл. Теңіз көкжалы. Өлеңдер/ Байрон Джордж; құрастырып, алғы сөз жазған Қ. Ахметов. – Астана: Аударма, 2005. – 552.
8. (Екінші том. – А. Ғылым, 1977. 63- бет)
9. «Абай туралы әңгімелер», Ниязбек Алдажаров, «Жұлдыз», 1992, № 1. 102-бет

IRSTI 16.31.41

PECULIARITIES OF PROPER NAMES IN KAZAKH AND ENGLISH PAROEMIAS

Askar Gaziza

askargaziza@gmail.com

L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2nd year student, Astana, Kazakhstan

Scientific supervisor – Zhumay Nurmira, Doctor PhD